

**ТӘУЕЛСІЗДІК – БОЛАШАҚТЫҢ
БАҒДАРЫ
(ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ)**



Елбасының кітабы Қазақстанның қазіргі тарихының аса күрделі де жарқын сәттерін баяндайды. Тоғыз тараудың әрқайсысы, тәуелсіз жас мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы айшықты қадамдарын ашып көрсетеді. Бұл - Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын жасау жөніндегі жұмыс, қазіргі қолданыстағы ел Конституциясын қабылдау үрдісі, мұнай-газ ресурстарын игеруді бастау, ұлттық валютаны енгізу және табысты банк жүйесін құру туралы жазылған еңбек. Жекелеген тарауларда жекешелендіру мен жер реформасын жүргізу үрдісі әңгімеленеді, елорданы Астанаға көшіру және Қазақстан азаматының тұңғыш ғарышқа ұшуы айтылады.

Кітап Президенттің ел жастарына арнаған үндеуі түрінде ойластырылған. Автор бұл кітаптың Қазақстан көшбасшыларының жаңа буыны үшін қолдан түсірмейтін құралға айналар деп сенеді.

63.3(5Каз)

Н17

Назарбаев, Н.

Қазақстан жолы: үндеу кітабы / Н. Назарбаев. - Астана : Б. ж., 2007. - 369 бет.




Бұл кітапқа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мемлекет құрудағы, тәуелсіздікті орнатып, тұғырлы ету жолындағы тарихи толғамдары, тұжырымдары, өсиеттері, ұлағатты сөздері жинақталды. Елбасының ел өміріндегі әртүрлі мәселеге қатысты айтқан сөздері бүгінде нақылға айналып үлгергені жасырын емес. Президенттің тәуелсіздікті бағалау, Отанды сүю, Қазақстанның, соның ішінде қазақ халқының бүгінгі мен болашағы, жастар мәселесі, ұлтаралық, дінаралық татулық, саясат, экономика, әлеумет, қауіпсіздік және басқа да көптеген салаларға, тақырыптарға қатысты айтқандары уақыт өткен сайын мән-маңызының артып отырғанын көрсетіп келеді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бүгінгі, келешек ұрпақтар үшін айтылған сөздерінің маңыздылығын ескеріп, топтастыру осы кітаптың құрастырылуына себепші болды. Сонымен қатар, бұл кітап Елбасының тәуелсіз мемлекетті құрып, егеменді еңселі ел жасаудағы ерен еңбегінің тағы да бір айғағы.

66.3(5Каз)

Е50

Елім менің ... : ел басының ел тағдыры туралы толғамдары / ұйымдастырып құраст. ОҚО әкімдігі.
- Шымкент : "Кітап", 2013. - 294 бет.



63.3(5Каз)

Н17

Назарбаев, Н. А.

Еуразия жүрегінде / Н. А.

Назарбаев. - Алматы : Атамұра,
2005. - 192 с.

Астананы құру - ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мыңжылдықтың тоғысында шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрылды. Күрделі шешімдер, қанаттастардың көмегі, сәулет саласындағы ізденістер, қаланың болашағы туралы ойлар, өлкенің аңыздары мен жер-су атаулары, тұрмыстың түйткілдері, тарихи салыстырмалар, Астананың бедері мен әсемдігі, бір сөзбен айтқанда жаңа елордаға арналған ойлар мен жұмыстар - бәрі-бәрі осында.





66.61(5Каз)8

Қ18

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы 2015 жыл. : басылым / ред. М. Б. Қасымбеков. - Астана : Деловой Мир Астана, 2016. - 400 бет. +эл. опт. диск



Кітапта 2015 жылы елімізде және шетелдерде Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында баяндалған, сонымен қатар осы кезеңде Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген толыққанды сөздерінің мәтіндері, 2015 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының маңызы зор заңдары мен Президент жарлықтарының тізбесі ұсынылған, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Басылым көпшілік оқырманға арналған.



66.61(5Каз)8

Қ18

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы. 2016 жыл. : басылым / ред. М. Б. Қасымбеков. - Астана : Деловой Мир Астана, 2017. - 368 бет. +эл.опт.диск.

Бұл кітап «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы бойынша шығарылып отырған кезекті басылым болып табылады.

Кітапта 2016 жылы елімізде және шетелдерде Мемлекет басшысының қатысуымен өткізілген басты іс-шаралар жайында баяндалған, сонымен қатар осы кезеңде елбасының сөйлеген толыққанды сөздерінің мәтіндері, 2016 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының маңызды заңдары мен Президент жарлықтарының тізбесі ұсынылған, түрлі анықтамалық ақпараттар келтірілген.

Басылым көпшілік оқырманға арналған.





66.3(5Қаз)

Н 17

Назарбаев, Н. Ә.

Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі : жалпы саяси әдебиет / Н. Ә. Назарбаев. - Алматы : Жібек жолы, 2010. - 188 бет.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кітабы оның «Постиндустриялық қоғамды қалыптастыру стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» атты алдыңғы басылымында бастау алған қоғамның постиндустриялық даму мәселелерін ғылыми зерттеуінің жалғасы болып табылады.

Кітап материалдары қазіргі шешімдеріне ғаламдық өркениеттің болашағы тәуелді болатын ғалымдар, саясаткерлер, мемлекеттік билік өкілдері, қоғамдық және діни қайраткерлер, жетекші қаржылық-өнеркәсіптік корпорациялардың топ-менеджерлері үшін қызықты, сонымен қатар студенттер үшін де пайдалы.





Бұл еңбекте мезгілдің Еуразия даласындағы темірдей тегеурінді аяқ алысы туралы, әр түрлі ұрпақтардың біртұтас әулеті туралы, сан ғасырлардың жел-құзына қайыспаған қарағаштың өзегіне шеңберленіп оралған сақинадай осы аумақта жинақтала берген әр түрлі рухани бастаулар туралы әңгімеленеді.

Тарихтың тағылымы біреу-ақ: ол ешқандай тағылым бермейді дейтін тұжырымға автор үзілді-кесілді қарсы. Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар шынында да тарихтан тағылым ала алмайды.

Тарихтың жәдігерлері туралы, оларға деген көзқарас туралы айтқанда, автордың көкейінде тұрған нәрсе - ұлттық рух деп аталатын, бірақ та анықтауы қиын «тарихтың затын» материалдық жағынан тұрлаулы етіп тұрақтандыру қажеттігі суреттеледі.

66.3(5Қаз)

Н 17

Назарбаев, Н. Ә.

Тарих толқынында : жалпы саяси
әдебиет / Н. Ә. Назарбаев. - Алматы
: Жібек жолы, 2010. - 232 бет.



Елбасының кітабы Қазақстанның қазіргі тарихының аса күрделі де жарқын сәттерін баяндайды. Тоғыз тараудың әрқайсысы тәуелсіз жас мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы айшықты қадамдарын ашып көрсетеді. Бұл – Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын жасау жөніндегі жұмыс, қазіргі қолданыстағы ел Конституциясын қабылдау үрдісі, мұнай-газ ресурстарын игеруді бастау, ұлттық валютаны енгізу және табысты банк жүйесін құру туралы жазылған еңбек. Жекелеген тарауларда жекешелендіру мен жер реформасын жүргізу үрдісі әңгімеленеді, елорданы Астанаға көшіру және Қазақстан азаматының тұңғыш ғарышқа ұшуы айтылады.

Кітап Президенттің ел жастарына арнаған үндеуі түрінде ойластырылған. Автор бұл кітапты Қазақстан көшбасшыларының жаңа буыны үшін қолдан түсірмейтін құралға айналар деп сенеді.

66.3(5Қаз)

Н 17

Назарбаев, Н. Ә.

Қазақстан жолы : жалпы саяси әдебиет / Н. Ә. Назарбаев. - Алматы : Жібек жолы, 2010. - 472 бет.



«Stop nuclear testing!». 1989 ж.



«Президенттің полигонды жабу туралы жарлығын қолдаймыз!». 1991 ж.

66.3(5Қаз)

Н 17

Назарбаев, Н. Ә.

Бейбітшілік кіндігі : жалпы саяси әдебиет / Н. Ә. Назарбаев. - Алматы : Жібек жолы, 2010. - 240 бет.суретті.

Бұл «ядролық» құндылықтарды танудың шегі мен оны қайта бағалаудың рецептері туралы кітап емес. Бұл кітап – күштің парасатқа өктемдігінің күшейе түскен қатері мен адамзаттың «ядролық» қауіпсіздік формуласын қинала іздестіруі туралы толғам-кітап.

Н. Назарбаев, Астана, 2001



66.3(5Қаз)

Н 17

Назарбаев, Н. Ә.


Еуразия жүрегінде : жалпы
саяси әдебиет / Н. Ә.


Назарбаев. - Алматы : Жібек
жолы, 2010. - 308 бет.сурет.



...Ерке Есіл жағасында бой көтерген,
ерекше сәулеттік ландшафты бар,
бірегей мұсундік нышандары сап түзеген,
жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған,
өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен
өз елін шексіз мақтаныш тугатын
көп ұлтты және көп дінді халқы бар
әсем де мейрлі астанамыз, міне, осындай қала.

Н.Назарбаев





66.3(2К)

О54

Олжай, Қ.

Президент пырағы : репортаж / Қ.
Олжай. - Алматы : Атамұра, 1994. -
208 с.

Халықаралық журналистер конфедерациясы сыйлығының лауреаты, Әлихан Бөкейханов атындағы сыйлықтың иегері Қайнар Олжайдың «Президент пырағы» атты бұл кітабы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1991-1993 - жылдардағы ресми сапарларының репортаждарынан тұрады.

Атыс астындағы Қарабақта, жарылыстардан Президент Жарлығынан кейін қулағы тыншыған Семей полигонында, ақ туман буркеген Англияда, тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров самғаған Байқоңырда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында, Ұлы қорғанның арғы жағындағы Қытайда және басқа жерлерде Қазақстан Президенті қандай парасат танытты, қандай қадамдар жасады? Автор осыған ой көзімен үңіледі. Түрлі елдердің ерекшеліктерін, түрлі жерлердің жаңалықтарын таразылап, олардан қазақ даласына керектерін іздейді. Тәуелсіздік тұсындағы тұңғыш қадамдарды оқырмандарға жеткізу - «Президент пырағының» басты мақсаты.

Түрлі көркемдік кестелерде бейнелі жазылған репортаждар жинағы қалың оқырман қауымға арналған. Кітаптың ықыласпен қолға алынарына сенімдіміз.



Қаракөз бар ел – қазынасы бар ел.



Батамен ер де қасиетті, ел де қасиетті.

66.61(5Каз)8

Қ45

Қасымбеков, М.

Елін сүйген, елі сүйген Елбасы :

жалпы саяси әдебиет / М.

Қасымбеков. - Астана : Елорда,
2005. - 200 бет

Жекелеген сұхбаттар мен очерктерден тұратын бұл кітапта Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың елімізді басқаруда атқарған ұлан-ғайыр істері, саясаткер, адам және азамат ретіндегі кейбір қырлары сөз болады. Кітап авторы — Махмұт Қасымбеков көп жылдан бері Елбасымыздың жанына жақын жүріп қызмет атқарып келе жатқан мемлекеттік қызметкер болғандықтан, оның өзіндік байқаулары мен ой-толғамдары қалың оқырман үшін де қызықты.

Басылым сұңғыла саясаткер Н.Ә. Назарбаевтың көрегендік басшылығымен тәуелсіздіктің алғашқы қиын-қыстау жылдарын артта қалдырып, бүгінде қарышты даму жолына түскен еліміздің отансүйгіш әрбір азаматына арналған.



66.3(5Каз)

Ш17

Шаймерденов, Е.

Елтаным : тарихи-философиялық рәмізбаян / Е. Шаймерденов ; ҚР мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. - Алматы : Экономика, 2005. - 304 бет

Кітап Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздері туралы жан-жақты ғылыми-көркем пайымдау арқылы замандастарымыздың бойында мемлекеттік мұраттарға адалдық, елдік аңсарларға сүйіспеншілік және отаншылдық сезімдерін оятуға бағытталған. Тілі - шұрайлы, ділі - таза, діні - мықты. Елдігімізге қатысты кең мағлұмат беретін терең интеллектуалдық еңбек деп бағалауға лайық туынды. Жүрек қайнарында суғарылған сезім сөзі ретінде өте ажарлы әсерлі.

Ойды қозғап, сезімге сәуле түсіретін рәмізбаян студенттер мен оқушыларға, педагогтарға, саясаттанушыларға, вексилологтар мен геральдистерге, жүрегі елім деп соққан барша оқырман қауымға арналады.





Саясаткер, ғалым және меценат Оңалбай Аяшев пен белгілі журналист, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің Бас редакторы Бейсенбай Тәжібаевтың бұл еңбектері оқырмандар арасында үлкен қызығушылықпен оқылатындығы айдан анық. Аталған дүние - бұрын Кеңес Одағында өмір сүріп, жаңа дәуірде Елбасының көрсеткен жолын басшылыққа алған халықтың тыныс-тіршілігі. Кітапта осынау қиын-қыстау мезгілде, еліміздегі алып аймақтардың бірі Оңтүстік Қазақстан жерінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тағдыр шешетін батыл ұсыныстары, ел еңбегіне берген әділ базасы, келешекке деген құнды пікірлері, сын сөздері және өткір ойлары берілген.

Бұл еңбек - Оңтүстік Қазақстан облысының Тәуелсіздіктің жиырма жылдық тарихына қосқан үлесінің айнасы. Елбасының тар жол, тайғақ кешуден тайсалмай елінің көшін бастап шыққан қолбасшы, өр тұлғалығының куәсі.

66.3(5Каз)


А 99

Аяшев, О.

Елбасы сүйген Оңтүстік : жалпы саяси әдебиет / О. Аяшев, Б.

Тәжібаев. - Алматы : Фолиант, 2011.

- 504 бет.



66.3(5Каз)

С94

Сыздықов, С.

"Мәңгілік ел" идеясы: қалыптасуы,
үш негізі, тарихи сабақтастық :
қоғамдық- саяси әдебиет / С.

Сыздықов, С. Қанаев, Ж. Жеңіс. -
Астана : Фолиант, 2013. - 320 бет.

Кітапта Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясын Қазақ Елінің Ұлттық идеясы етіп жариялауына байланысты осы идеяның теориялық негіздері, әлеуметтік-саяси алғы шарттарының қалыптасуы және бүгінгі таңда Қазақ Елінің Ұлттық идеясына айналуы тарихи сабақтастықта зерделенген.

«Мәңгілік Ел» идеясының үш тұғыры ретінде - Түрік қағанаты мемлекетінің Күлтегін бітіктасында жария етілген саяси актісі - манифесі, әл-Фарабидің саяси-теориялық философиясы және Жүсіп Баласағұнның құқықтық-мемлекеттік қағидалары қарастырылған.

«Мәңгілік Ел» идеясы жалпы Түркі кеңістігінің оқырмандарына, ғылыми көпшілікке және студент жастарға ұсынылады.



66.3(5Қаз)

Н 17

Назарбаев, Н. Ә.

Тәуелсіздік белестері : жалпы саяси әдебиет / Н. Ә. Назарбаев. - Алматы : Жібек жолы, 2010. - 344 бет

Оқулықта тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде, небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, әлеуметтік, экономикалық, саяси жаңару жолына түскен Қазақстан бүкіләлемдік қауымдастықтағы өз орны, өз беделі бар абыройлы жаңа мемлекет ретінде қалыптасуы жайлы сөз етіледі.

Еңбек Президенттің ел жастарына арналған үндеуі түрінде жазылған. Кітап отансүйгіш жастарға, ғылыми көпшілікке және студент жастарға арналған.





66.3(2К)

Н 17

Назарбаев, Н. Ә.

Сындарлы он жыл : саяси - қоғамдық әдебиеттер / Н. Ә. Назарбаев. - Алматы : Атамұра, 2003. - 240 б.



Н. Ә. Назарбаевтың Ресейге сапары.
Ресей Федерациясының Президенті В. В. Путинмен кездесу.
Мәскеу. 19 желтоқсан 2002 жыл.



АӨІСШК саммитінде Н. Ә. Назарбаевтың сөйлеген сөзі.
Алматы. 3 маусым 2002 жыл.

Біз өз жолымызда тоқыраулардың болмауы үшін кепілдік бере алмаймыз. Алайда біздің қоғамның негізінде жатқан көпжылдық, тәжірибе мен дәстүрдің кез келген тоқыраудан абырой арқалатып және пайдаға кенелтіп алып шығатынына кепілдік бере аламыз.

Бұл біздің қолымыздан келеді. Біздің халықтың бойында буырқанған интеллектуалды және рухани күш-қуат бар.

Міне, ұлттық, аймақтық және жер-жаһандық болашақтың сындарлы он жылдығындағы тарихи оптимизміміз бен қауіпсіздігіміздің де тұғыры осы.



66.2(5Каз)

М 238

Мансуров, Т.

Евразийский проект Нурсултана Назарбаева, воплощенный жизнь : монография / Т. Мансуров. - М. : Реал-Пресс, 2011. - 324 с.

В настоящей книге впервые на документальной основе всесторонне рассматривается реализация Евразийского проекта, предложенного Президентом Республики Казахстан Н.А.Назарбаевым в марте 1994 года в МГУ им.М.В.Ломоносова.

Реальным воплощением в жизнь проекта Нурсултана Назарбаева являются Евразийское экономическое сообщество, Таможенный союз и формирующееся Единое экономическое пространство.

Автор монографии известный казахстанский политик и дипломат, генеральный секретарь ЕврАзЭС, доктор политических наук Т.А.Мансуров последовательно раскрывает историческую роль Евразийского проекта Нурсултана Назарбаева как ключевого инструмента эффективного экономического и социального развития, открывающего перед постсоветскими странами новые возможности и перспективы.

Издание адресовано широкому кругу читателей, ученым, специалистам в области государственного управления и международных отношений, всем, кто интересуется современной историей.



На сессии Организации Объединенных Наций.

Это издание является четвертым в серии "Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев. Хроника деятельности...".

В данной книге подробно изложены и охарактеризованы основные события 2000-2001 годов, происшедшие в истории суверенного Казахстана под руководством и при непосредственном участии Президента Н. Назарбаева.

В книге представлены основные материалы о визите Папы Римского Иоанна Павла II в Республику Казахстан, ежегодные послания главы государства казахстанцам, доклад, посвященный 10-летию независимости Республики Казахстан, и поздравления по случаю празднования десятой годовщины независимости Казахстана.

Книга адресована широкому кругу читателей, а также интересна для историков, политологов, юристов, обществоведов и журналистов.

66.3(5Каз)

Ш 48

Шепель, В. Н.

Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев : хроника деятельности (01. 01. 2000-31. 12. 2001) / В. Н. Шепель, М. Б. Касымбеков. - Астана : Елорда, 2002. - 488 с.



Книга Главы государства рассказывает о самых трудных и ярких моментах в новейшей истории Казахстана. Каждая из глав раскрывает новые шаги на пути становления молодого независимого государства. Это работа над Стратегией развития Казахстана до 2030 года, о формировании Евразийского союза государств, стабильность и безопасность страны в новом столетии. В отдельных главах освещены вопросы борьбы с международным терроризмом.

Книга задумана как обращение, доклады Президента к молодежи страны. Предназначена для широкого круга читателей.

66.3(5Каз)

Н19

Назарбаев, Н. А.

Стратегия независимости :
общественно-политическая
литература / Н. А. Назарбаев. -
Алматы : Атамұра, 2003. - 312 с.

Назарларыңызға рахмет!!!

Қызмет көрсету бөлімі :
Серикбаева Г.Р.